

**Түркістан облысының
денсаулық сақтау басқармасының
басшысы М.К.Егізбаевқа**

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «Ленгiр қалалық ауруханасы» мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының 2019 жылдың 6 айлық теңгеріміне
ТҮСІНІКТЕМЕ

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ленгiр қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, ҚР-ның Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету болып табылады.

Есеп беру ауқымы 2019 жылдың 01 қаңтары мен 30 маусымы аралығын қамтиды.

1 бөлім. Қысқа мерзімді активтер:

ШЖҚ «Ленгiр қалалық ауруханасы» МКК түскен қаржысы – 343 984,3 мың теңгені құрайды. Оның ішінде бюджетті бағдарламалар бойынша:

226067100 – 322 553,7 мың теңге, ЛҚЕ коммуналдық қызметінің 30 пайызы – 19 992,4 және ақылы қызмет бойынша – 1438,2 мың теңге. Есепті кезеңнің сонына қаржы 22 747,9 мың теңгені құрайды.

Қысқа мерзімді және басқа да дебиторлық қарыз – 92,5 мың теңгені құрайды, тауар жеткізіп беруші: Brando ЖШС – 92,5 мың теңге, Материалдар /тамақ өнімдері, дәрі-дәрмек, жанар жағармай және шаруашылық заттары/ - 101 004,8 мың теңгені құрайды. Оның ішінде: тамақ өнімдері – 14,5 мың теңге, дәрі-дәрмектер – 16064,1 мың теңге, жанар жағар май – 652,6 мың теңге және

шаруашылық заттары – 518,3 мың теңге. Басқа да қысқа мерзімді активтер /МБП/ - 83 755,3 мың теңге.

Барлық қысқа мерзімді активтер 123 845,2 мың теңгені құрайды.

2 бөлім. Ұзақ мерзімді активтер:

Кәсіпорында құрылыс жұмыстары және іске қосылмаған медициналық құрал-жабдықтар жоқ. Аурухана 2018 жылы 36 601,6 мың теңге болатын 190 моноблоктар алынған болатын, соның 50 данасын қаржы басқармасымен келісіп, басқа мекемелерге берілді.

01.07.2019 жылға негізгі құралдардың қалдық құны 1 734 010,7 мың теңгені құрайды, оның ішінде: ғимараттар – 386 154,0 мың теңге, құрал-жабдықтар мен компьютерлер, орг.техникалар – 1 346 846,6 мың теңге, автөлік жабдықтары – 1 010,1 мың теңге.

3 бөлім. Қысқа мерзімді міндеттемелер.

ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК 01.07.2019 жылға қысқа мерзімді міндеттемелер мен басқа да кредиторлық қарыз 12 572,9 мың теңгені құрады. Есепті кезеңнің келесі айында толығымен жабылады.

4 бөлім. Капитал

2019 жылдың 1 шілдесіне ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК жарғылық капиталы 386 154,0 мың теңгені құрайды. Ол негізгі құралдардың қалдық сомасы 1 347 856,7 мың теңге.

5 бөлім. Бөлінбеген пайда /шығын/

Бөлінбеген пайда/шығын/ жыл соңына 111 272,3 мың теңгені құрайды.

Есепті кезеңде әкімшілік шығындары – 6497,9 мың теңге болды.

Бас дәрігер

Бас есепші

Нышанов Ж.С.

Клушева А.О.

**Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Ленгір қалалық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**2019 жылдың 1- жартыжылдық
ЕСЕБІ**

2019 ЖЫЛ